

«Қ.Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ



Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмысының жылдық есебі.

2022-2023 оқу жылы

Әлеуметтік педагогтың 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмысының жылдық есебі.

Әлеуметтік шығармашылық тақырыбы:

«Оқушыларды қазіргі әлеуметтік ортаға бейімделуі».

Мақсатым:

Әр тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микроортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, анықтау және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарын қадағалай отырып, өз уақытысында әлеуметтік көмек көрсету, өз мүддесін қолдау және құқығын қорғау.

Қазақстан 1989 жылы БҰҰ қабылдаған «Бала құқығы туралы конвенцияны» мақұлдады. Конвенция мазмұны негізі 4 талап қояды, баланың өмір сүру құқығы, баланы қорғау, дамуына жағдай жасау, қоғамдық өмірге белсене араласу құқын құрметтеу. Негізі басымдық баланы қайсыбір себептері болмасын кемсітпеу. Конвенция әлеуметтік қорғалмаған балалар тобына, жетімдерге, мүгедектерге, құқық бұзушыларға ерекше көңіл бөледі.

Әлеуметтік педагогика-ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы.

Отбасы. Бала. Мектеп.

Бір-бірінен ажырамайтын үш ұғым.

Отбасы бар жерде бала бар, бала бар жерде мектеп бар.

Енді, мектебіміздегі әлеуметтік педагогтың қызметтік функцияларына тоқталайық:

Аз қамтылған жағдайы төмен, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау;

Аз қамтылған жағдайы төмен, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;

Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен «Мектепке жол» атты акция басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;

Мектеп жанындағы лагеріне жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау;

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен

отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін» бекітті. Осы мақсаттарға бөлінетін қаржыны мақсатты жұмсау білім мекемесінің бірінші басшысы арқылы қамтамасыз етіледі. Мектеп ішіндегі бұйрықпен бекітілген жауапты тұлға ата-аналардың, немесе олардың орнындағы тұлғалардың өтініштері негізінде қаржылық және материалдық көмек көрсетуге мұқтаж балалардың тізімі жасалады, сондай-ақ көмек көрсету түрлері атап көрсетіледі.

2022 оқу жылын 675 оқушымен басталған.

- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала, оның ішінде:
- Жартылай жетім 27
- Неке бұзылған 22
- Жалғыз ана 5
- Отбасындағы мүгедек балалар 2
- Үйде оқылатыны 5
- Аз қамтылған отбасы балалары 41
- Көпбалалы отбасылары балалары 329
- Аз қамтылған, тұрмыс жағдайы төмен отбасы балалары (АӘК алатындар) 17
- Әлеуметтік статусы бар балалар саны 455

2022 жылдың 1 тамызынан бастап Қазақстан Республикасында «Мектепке жол» республикалық акциясы басталды.

Ағымдағы жылы ол ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Жарлығымен жарияланған Балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізілді.

Биылғы жылда жалпы республикалық акция «Мектепке жол-шексіз жақсылық!» атымен өтті.

Мектебімізде осы акцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.


Акцияның басты мақсаты аз қамтылған және көп балалы, жартылай жетім балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету. Әлеуметтік себептермен мектепке келе алмай қалмаудың алдын алу. Бұл акция 1 тамыз 30 қыркүйек аралығында осымен он бірінші жыл өткізіліп отыр.

- АӘК алатын 10 оқушыға, жартылай жетім-25 оқушыға, аз қамтамасыз етілген-2 оқушыға 37,398 теңгеден қаржылай көмек көрсетілді.
- Аудандық кәсіп одақ ұйымынан-1 оқушыға мектеп формасы мен кеңсе заттары берілді.
- Ауыл әкімшілігінен 2 оқушыға көмек берілді.
- Мектепке жол акциясы есебінен-7 оқушыға мектеп сөмкесі мен кеңсе заттары берілді.
- Демеуші есебінен 3 оқушыға сөмке мен кеңсе заттары берілді.
- Аманат партиясы 1 оқушыға мектеп құрал-жабдығы мен 15 мың ақшалай сыйлық берді.

Мектебімізде осы акцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Акцияның мақсаты-аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылында қыс мезгіліне қарай материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Бұл акция 5 желтоқсан – 9 желтоқсан аралығында өткізілді. 4-11 сынып аралығында Жәрмеңке жұмысынан жиналған қаражат 57430 теңгенің барлығы

- АӘК алатын 1 оқушыға,
- Көпбалалы - 4 оқушыға,
- Аз қамтамасыз етілген – 2 оқушыға керекті аталған куртка және етік берілді



Үйде оқитын 6 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар берілді

Осы орайда Балалар жылы аясында мектебімізде «Жомарт жан» демеушілік іс-шарасы өткізілді. Бұл іс-шара 2022 жылдың желтоқсан айының 29-шы жұлдызында өткізілді. Іс-шараға аудандық мәслихаттың экс-депутаты, Төлеби ауданының құрметті азаматы Бектұрғанов Ерғали Мейманханұлы демеушілік жасады. Жаңа жыл мерекесіне орай мектептің 40 оқушысына жаңа жылдық сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар, әлеуметтік статустағы 7 оқушыға қыстық күртеше, етік, бас киім, спорттық киім, және шұлықтар үлестірілді. 160мың теңге көлемінде қаражат жұмсады. Осы уақытқа дейін де Бектұрғанов Ерғали Мейманханұлы бірнеше рет демеушілік жасағанынын мақтанышпен айта аламыз. Іс-шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.



2022 жылдың 8 желтоқсанында Қосан Мамытов мектебінде «Мектепішілік жәрмеңке» болды.


Биылғы жылғы жалпы мектепішілік жәрмеңке "Мейірімді өмір жасаймыз!" атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

Мақсаты мектептің аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларына көмектесу. Бұл жәрмеңке ұстаздармен, ата-аналар алдын-ала дайындалды: олар көптеген қолдан жасалған тәтті тоқаш, құймақ, кекс пісіріпті, сонымен қатар өз бақтарында өсірілген жеміс – жидектер де әкелгендерде болды.


Жәрмеңке мерекелік көңіл-күймен өтті, сауда өте қызу жүрді. Аз уақыт ішінде әкелінген бұйымдар, тағамдар сатылып кетті. Сатушылар да, сатып алушылар да дән риза. Жәрмеңке қатысқан оқушылар мен ата-аналардың арқасында жиналған қаражан мектептің аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларының мұқтажына жұмсалатын болды.

Қайырымдылық— адамның асыл қасиеттерінің бірі. Жәрмеңке барысында әр Шаңырақтың оқушылары өздерінің әзірлеген тағамдарын, сәндік бұйымдарды сатылымға қойды. Бұл шараға оқушыларымен қатар ата-аналар және мектеп ұжымы белсенді қатысып, қайырымдылыққа өз үлесін қосты.

Ағымдағы жылы ол ҚР Президенті Қ-Ж Тоқаевтың Жарлығымен жарияланған Балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізіледі.



Биылғы жылғы жалпы мектепішілік жәрмеңке "Мейірімді өмір жасаймыз!" атымен өтті.



Қаңтар айында ата-ана және бала әлімжеттіктен қорғауға бағытталған жұмыс дөңгелек үстел педагог-психологпен бірге тренинг өткізіліп, видеороликтер көрсетілді. Көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға әлеуметтік-педагогикалық талдау жасалды. Сабақтан себепсіз көп қалатын, ескертусіз сабақтан кететін және ата-анасы тарапынан бақылаусыз, қараусыз қалған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстар атқарылды.





Жомарт жанға балалар дән риза болып, алғысын білдірді.

Және де жаңа жыл мерекесіне орай Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2022 жылдың желтоқсан айының 27-жұлдызында сағат 12:00 де Ленгер қаласының аудандық мәдениет үйінде аудан әкімінің «Қош келдің, Жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман» атты жаңа жылдық мерекесіне мектебімізден 3 «А» сынып оқушысы жартылай жетім және үздік оқушы Курбанали Мереке Бағдатқызы қатысты.

Аудан әкімінің қатысуымен мерекелік концерт болды. Оқушыларға жаңа жылдық сыйлықтар және тәтті тағамдар мен сусындар үлестірілді. Іс-шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.



Шыршаны айналып, ән және қойылым болды.

Ақпан айында экстремизм тероризмнің алдын алу, Қазақстандағы рұқсат етілмеген жат діни ұйымдары атты баяндама жасалып 9-11 сыныптар арасында оқылып түсінділді.

КТІЖБ инспекторымен бірлесе кәметке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалауынсыз,панасыз қалуының алдын алу барысында айлық іс-шаралар 6-10 сыныптар аралығында өткізілді.



10-11сынып оқушылар арасында өзін-өзі тануды және қадағалауды дұрыс қалыптастыру әлеуметтік педагогикалық тренинг сабақ өткізілді.Сенім күші немесе балаға айтатын жеті ақыл. Ата-аналарға арналған кеңес берілді.Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың құжаттары реттеліп жинақталды.

Білім мекемелері мен КТЖБИ қызметкерлерімен оқушылар арасындағы құқықбұзушылықта алдын алу мақсатында кездесу ұйымдастырылды.Өмірдің уақытша қиын кезеңдерінде кезіккен отбасыларға демеушілік көмектері ұйымдастырылып ата-аналарға 22-кеңес берілді. Оқушылар арасында әлеуметтік теңсіздікті болдырмау мақсатында бірыңғай мектеп формасы болуын қадағаланды.

Тәрбие одағымен бірлесе отырып 1-наурыз Алғыс айту-азаматтардың бір-біріне құрмет білдіретін күні ұйымдастырылып бір біріне алғыс білдірді. Әрбір бала өз сынып жетекшісінің жылулығын, сүйіспеншілігі мен сүйенішін сезінуі тиіс, әдістемелік нұсқау берілді.Қиын жағдайға тап болған немесе зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Психологпен бірге жетім немесе ата-ана қамқорлығынсыз қаоған балалармен ортаға бейімділігін анықтап, бейімделуі қиын балалармен жұмыстар жүргізілді. Медбикемен бірлесе туберкулездің алдын алу әңгіме жүргізілді.9-10 сынып оқушыларымен «Қандай мамандық иесі боламын?»

тақырыбында жеке кәсіби бағыттау, әңгімелесу жұмыстары жүргізілді. Жазғы сауықтыру лагерге оқушыларды дайындау.



Келесі оқу жылында кемшіліктер жібермеу үшін әлеуметтік педагогтің өткенгі оқу жылындағы қызмет жұмыстарын талдау. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жалпы білім қорынан бөлінген жолдамалар бойынша, 8 оқушыны лагерге баруын қамтамасыз ету.

Мектептің асханасынан ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін брокеражды комиссия құрылып 32 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

АКТ түзіліп, төменде растап қол қоюшылар:

Комиссия төреғасы: Е. Адылбеков

Комиссия мүшелері:


ДТІЖО: М. Тунгишбаев

Медбике: Э. Тастанова

Кәсіподақ коммитетінің төреғасы: Қ. Құралбаев

Ата-аналар коммитетінің төреғасы: Т. Сарбасов

Әлеуметтік педагог: Б. Әлиева

Әлеуметтік педагог: 

Б. Әлиева

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Әлеуметтік статусы
1	Нұрғалиұлы Бегнұр	4 Ә	Жартылай жетім
2	Сатаев Мұхаммед	4 В	Жартылай жетім
3	Сатаев Мамед	4 В	Жартылай жетім
4	Әділқызы Інжу	4 Б	Жартылай жетім
5	Лесбек Арай	5 Ә	Көп балалы
6	Уәкенбаева Сөзім	3 Ә	Жартылай жетім
7	Ыстыбай Нұрдаулет	4 А	Жартылай жетім
8	Қат Олжас	3 Б	Толық емес отбасы
9	Смайыл Жансая	2Б	АӘК, аз қамтылған
10	Елтай Абзал	3 Ә	Көп балалы, аз қамтылған
11	Қазбек Ринаг	3 Б	Көп балалы, аз қамтылған
12	Махамбеталы Дидар	4 А	Көп балалы
13	Бекенбай Зейнеп	3 Б	Көп балалы, аз қамтылған
14	Жанаева Медина	4 Ә	Толық емес отбасы
15	Орынқожа Каусар	3А	АӘК, аз қамтылған
16	Қазбек Нұрислам	5 А	Көп балалы, аз қамтылған
17	Шыңғысбай Інжу	3 Ә	Көп балалы
18	Бектемір Еркебұлан	3 Ә	Көп балалы, аз қамтылған
19	Амирбек Алшұр	3Б	Көп балалы, аз қамтылған
20	Тіләбек Алихан	2Ә	Көп балалы, аз қамтылған
21	Абилда Жұлдызай	3 А	Көп балалы
22	Серікқызы Асел	1Б	Көп балалы, аз қамтылған
23	Әділқызы Інжу	4Б	Жартылай жетім
24	Умирзақ Нұрсая	5 Ә	Көп балалы, аз қамтылған
25	Керімхан Алмас	1В	Көп балалы, аз қамтылған
26	Пернебай Қажымұхан	2 Ә	Көп балалы, аз қамтылған
27	Убайдулла Талшын	2 А	Көп балалы, АӘК
28	Оразымбет Дастан	3 Б	Көп балалы, аз қамтылған
29	Құрбанәлі Мірас	1Ә	Жартылай жетім
30	Сайбек Гүлназ	5 Б	Көп балалы, аз қамтылған
31	Сәрсен Гүлсезім	3 Б	Көп балалы, аз қамтылған
32	Сәлеймен Руслан	2 Ә	Көп балалы, аз қамтылған